

Жалғасы. Басы 1-бетте


«Біздер — жаңа, тәуелсіз Қазақстанда туып-өскен ұрпақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа мықты мемлекетте өсіп, өмір сүріп жатқанымыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Қазақстан алдында әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену жөнінде үлкен мақсат тұр! Ертеңгі күні осы мақсатты жүзеге асыратын біздер, яғни жастар! Елбасының жоғары сенімін актау үшін аянбай бар күш-жігерімізді саламыз»,—деді еліміздің жетекші университетінің студенттері өз сөзінде.

Флэшмобтың соңында жастар патриоттық музыкалық композицияларды шабыттана орындады.

Өз тілшімізден

ЖАСТАР ФЛЕШМОБ ӨТКІЗДІ



Жалғасы. Басы 1-бетте

НАУРЫЗ ТОЙЫ БАСТАЛДЫ



Студенттік қалашық дирекциясының директоры Әбдіқаһар Сейітжанов жиналған қауымды Наурыз тойымен құттықтады. «Қыстан кейін жер жаңарып, гүлденген көктемнің алғашқы мейрамында Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Жаңа жыл жақсылығымен келсін. Университет ұжымы мен студенттеріне мол табыс пен ырыс-береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Бірлігіміз жарасқан, ынтымағы артқан ел болайық. Университетіміз жыл санап жаңарып жатыр, жылдан-жылға беделі арта берсін», - деді өз сөзінде.

Мерекелік концерт барысында университеттің көркемөнерпаздары сахнада би, ән мен күйден тарту жасап, баршаға керемет көңіл-күй сыйлады.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСУ



Кезекті ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-мен 20 жылдан астам уақыт тығыз қарым-қатынас орнатқан жапониялық қор өкіліне жоғары біліктікті қызметі мен университетпен жемісті ынтымақтастығы үшін қордың арнайы өкілі Ониши Юмиға алғысхат табыстаумен басталды.

ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов «Қиыр Шығыс кафедрасы халықаралық қатынасты дамыту мақсатындағы жапониялық қормен ұзақ жылдар жұмыс істеп келеді. Қордың негізгі міндеті — жапон мәдениетін тарату. Қор мамандары біздің оқытушылардың біліктіліктерін арттыруға көмектесті. Жапон қоры кітаптар, оқулықтар, аудио және бейне материалдар ұсынды. 1995 жылдан бері қор университетімізге оқу материалдарына 2 млн. йен берді. Мамандарымыздың біліктіліктері қажетті деңгейге жеткендіктен, наурыз айынан бастап қор университетіміздегі жұмысын тоқтатады», — деді ректор.

Білім беру жүйесін жаңғырту — адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты. Сондықтан да білім мен ғылым саласындағы елеулі өзгерістер қазіргі заманда әрбір азамат жетістікке жету үшін қажетті білім мен дағдылардың жаңаша жолдарын меңгеруді қажет етеді. Білім беру жүйесін жаңа заман талабына сай дамыту мақсатына арналған ректорат мәжілісінде бірлескен және координирушы білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы кеңінен талқыға салынды.

Мінбеге шыққан әдістемелік жұмыс және білім

беру технологиялары басқармасының басшысы Жанна Саксенбаева «Бүгінде университетте 60-тан астам білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Университет қос диплом және академиялық ұтқырлық сынды бағдарламалар бойынша жыл сайын мамандар даярлайды. Осы ретте болашақта бәсекеге қабілетті, білікті маманға жауапты білім ордасы ретінде университет білім беру бағдарламаларының сапасын жетілдіруде шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуды мықтап қолға алған», — деді Жанна Саксенбаева.

Кезекте білім мен ғылымды қатар ұштастыру қажет деген ұстанымды ұстайтын экология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры Айжан Амангелдіқызы «Институттың негізгі мақсаты экология және сыртқы ортаны қорғау саласында

ғылыми зерттеулерді жоспарлау, оны ұйымдастыру және қамтамасыз ету, жоғары дәрежелі кадрларды дайындау, арнайы өндіріс салаларына және биология, химия, география факультеттерінің оқу процестеріне ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін енгізу және оны өңдеуге бағытталған», — деді директор. Сондай-ақ ол институттың соңғы жылдардағы қаржыландыру сомасы, ғылыми-зерттеуге тартылған ғалымдар және халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу мақалалар санының артқанына жекелей тоқталып өтті. Мәжіліс барысында Оңтүстік Корея ысәпарының есебі туралы тұрақты даму институтының директоры Рафис Абазов баяндама жасап, жиында өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыға түсті.

Еңлік АҚЖІГТ

QYSQA-NUSQA

QazUÝ-dyń 85 jyldyǵyna orai himia jáne himialyq tehnologia fakúltetiniń fizıkalyq himia, katalız jáne munahimia kafedrasynyń himia ǵylymdarynyń doktory, profesory Qaiyrbekov Jaqsyntai ǵylymǵa degen erekshe úlesi úshin «Ál-Farabı» kúmis medalimen marapattaldy.

Qoǵam igiligine baǵyttap otyrǵan eren eńbekterinińizdiń elimizdiń nyǵaiǵyna ózindik úlesi bar. Sizge budan ári tabysty ómir jolyn, osynaıy igilikti iste qanatyńyz talmasyń, qajyr-qairatyńyz qashanda arta bergei!

Fizıkalyq himia, katalız jáne munahimia kafedrasy

Qıyr Shyǵys kafedrasy bylǵy kókteimde japonıanyń 47 stýdentin qarsy aldy. Olardyń arasynda Tokio, Sýkýba ýniversiteti jáne de Tokio shet tilder ýniversiteti men Koýchy ýniversitetiniń joǵary kýrs stýdentteri boldy.

Kıoto ýniversitetiniń túlegi, Qıyr shyǵys kafedrasynyń dosenti, PhD Ahapov Erlan Japonıadan kelgen qonaqtar arasynda júrgizilgen saıalnama boıynsha Qazaqstan teritoriasynda dalalyq zertteýler júrgizýdi de qarastyratyn, «Aımaqtany. Ortalyq Azia saiasaty, ekonomıkasy jáne mádeniети» kýrsynyń dáriskeri retinde eń myqty, eń jarqyn áser qaldyrdy.

E.A.Ahapov eki apta boıy jańa zertteý ádisterin paidalana otyryp, interbelsendi formada japon stýdentterine dárıs oqydy. «Qazaqstannyń ekologialyq máseleleri: Almaty qalasynyń mysalynda» atty taqyrypta birlesken ǵylymı jobaǵa qatysýǵa shaqyrdy. Dáris joǵary deńgeide ótti.

Qıyr shyǵys kafedrasy

Shyǵystanyń fakúltetinde «Shyǵystany» mamandyǵy boıynsha XI Respýblikalyq stýdenttik pándik olimpiada ótti.

Bylǵy jyly olimpiadanyń ótııine Sýkýba ýniversiteti (Japonıa), Sýkýba ýniversitetiniń profesory Ninomia Takashi myrza zor demeýshilik kórsetti. Sonymen qatar, «Ichıkava» mektebiniń direktory Naoıýkı Kankı myrza arıaıy qonaq bolyp qoldaıy tanytty. Bul jolǵy Qıyr Shyǵys kafedrasynyń japonıanyń bólimi seksiasyna QazUÝ, Abylai han atyndaǵy QazHQJÁTÝ jáne L.N. Gýmılev atyndaǵy EUÝ-dan on segiz stýdent qatysty.

Shyǵystanyń fakúlteti Qıyr Shyǵys kafedrasy japon tili bóliminiń stýdentteri eki analymnyń nátjesinde kelesi júldeli oryndarǵa qol jetkizdi. Birinshi oryndy túrtinshi kýrs stýdenti Alisher Skatov ielik etse, ekinshi oryndy úshinshi kýrs stýdenti Asem Ǵalym jáne ekinshi kýrs stýdenti Fariza Júnis jeńip aldy. Al úshinshi oryndy túrtinshi kýrs stýdenti Dılınır Saidalieva, úshinshi kýrs stýdenti Dina Ybysheva, ekinshi kýrs stýdenti Gúlnur Bitis ielendi.

Shyǵystanyń fakúlteti

28 наурызда химия және химиялық технология факультетінде химия мамандықтары бойынша республикалық пәндік олимпиада жұмысын бастайды

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ ӨТЕДІ

2019 жылы 2-12 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да VI халықаралық Фараби оқулары өтеді. Алдыңғы қатарлы қазақстандық университетте жыл сайын ауқымды іс-шара өткізу жақсы дәстүрге айналды. Алты жыл ішінде Фараби оқулары ғылыми қоғамдастық пен әлемдік жоғары оқу орындары арасында танымал болып, халықаралық деңгейде аса белгілі болды.



ҚазҰУ-дың 85 жылдығында Фараби оқулары аясында өткізілетін ғылыми халықаралық ауқымды шаралар қоғам, мемлекет және тұлғаны дамыту жаһандық мәселелерін шешуде шетелдік және қазақстандық ғалымдардың күш жігерін жұмылдыруға бағытталған. Олардың жұмысына шетелдік және отандық ғалымдар мен таяу және алыс елдердің сарапшылары, КР СІМ және дипломатиялық миссиялардың өкілдері, ЖОО оқытушылары мен студенттері қатысады.

Бағдарламала:
2-3 сәуір — «Әл-Фараби және қазіргі заман» VI халықаралық форум»;
4-6 сәуір — Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Ботай мәдениеті халықаралық зерттеулерінің және басқа да Орталық Азия энеолиттік ескерткіштерінің нәтижесі»;
9-10 сәуір — «Мультиполярлық әлемдегі

Қазақстан: экономикалық сценарийлер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция»;
8-10 сәуір — «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың Халықаралық ғылыми конференциясы»;
12 сәуір—VI Халықаралық Фараби оқуларының салтанатты жабылу рәсімі.
Өткізілетін күні, орны, уақыты: Алматы қ-сы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми кітапханасы, ашылуы 2 сәуір сағат 10:00.

Байланыстар үшін:
Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент,
тел.: 8 (727) 377-33-33,
ішкі:11-62, 16-62.

КОНСУЛЬСКАЯ ВСТРЕЧА

КазНУ им. аль-Фараби с визитом посетил Генеральный Консул Республики Корея г-н Ким Хынг Су.



Высокий гость провел на факультете востоковедения посольский час на тему «Взаимное сотрудничество Республики Корея и Республики Казахстана» для студентов и преподавателей кафедры Дальнего Востока. Студенты корейского отделения встретили Генерального Консула в национальных костюмах и продемонстрировали глубокие познания корейского языка. Мероприятие прошло в очень теплой и непринужденной обстановке, студенты имели возможность задать интересующие их вопросы. В завершение мероприятия господин Ким Хынг Су поблагодарил руководство факультета за радушный прием и выразил

особую признательность студентам за их неподдельный интерес к изучению корейской истории и культуры, отметив хороший уровень владения языком. «Уверен, что плодотворное сотрудничество в сфере науки и образования будет и дальше развиваться на благо наших дружественных стран», - отметил гость. Во время визита Генеральному Консулу рассказали о достижениях университета и перспективах развития корееведения в КазНУ, также он посетил музей «Востока» и ознакомился с материально-техническим оснащением учебных аудиторий.

Соб. корр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Польшаның AGH ғылыми-техникалық университетінде өткен Erasmus+ бағдарламасының әкімшілік қызметкерлеріне арналған алғашқы халықаралық апталығына қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Бұл іс-шараға әлемнің 9 елінен 12 университет мамандары қатысты. Олардың ішінде Токио университеті (Жапония), Сан-Диего университеті (АҚШ), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан), Белград (Сербия), Ханой тау-кен өнеркәсібі университеті Геология (Вьетнам), Тирана университеті (Албания), Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті (Қазақстан) де бар. Біздің университет атынан механика - математика факультеті механика кафедрасының менгерушісі профессор З.Б. Ракишева қатысты. Халықаралық апталық аясында шетелде білім алушыларға арналған көрме ұйымдастырылды. Аталған көрмеде З.Б. Ракишева Польша студенттерін ҚазҰУ-дың қызметімен таныстырды.

Механика кафедрасы



ЖАПОН КОМПАНИЯСЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДАМА

Қиыр Шығыс кафедрасының студенттері Жапонияның Экономика, сауда және өндіріс министрлігі (METI) ұйымдастырған «FY 2018 METI Japan Internship Program, Technical Cooperation & Emerging Market Development Program» бағдарламасы аясында Токиодағы Chiyoda Technol Corporation (株式会社千代田テクノル) компаниясында тағылымдамадан өтті.



Аталған сауда-саттық компаниясы өз қызметін атом энергетикасы бойынша жүргізіп, осы салада қолданылатын арнайы құрал-жабдықтарды шығарумен айналысады. Компания негізінен өнімге тапсырыс беруші мен өнімді шығарушы компания арасындағы бизнес-делдал рөлін атқарады. Аударма қызметі, іскери кездесулерді ұйымдастыру, ағылшын және орыс тілдерін оқыту, күнде өткізілетін танертенгілік жиналыстар — барлығы біздің студенттерімізге жапондардың ұйымдастырушылық мәдениетінің ерекшеліктерін түсінуге, сонымен қатар өздерінің «Аударма ісі» мамандығы бойынша дайындықтарының деңгейін көрсетуге жағдай жасады. Жапон компаниясында тағылымдамадан өткен ҚазҰУ студенті Мухаббат Османова «Тағылымдама барысында менің дүниетанымым кеңейді. Жапон компанияларының мәдениеті туралы түсінігім мүлдем басқа деңгейге көтерілді. Жапон және

ағылшын тілдері бойынша тәжірибе жинақтау, өздерінің жеке қызығушылықтары бар әртүрлі жастағы білімді адамдармен танысып араласу — осының барлығы маған өз-өзімді дамыту жолдарын білуге, кәсібі дағдыларымды жетілдіруге көмектесті. Әрі мен арқылы Қазақстан мен Жапония арасындағы ғылыми-зерттеу саласындағы қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етті деген ойдамын» - деп, өз пікірін білдірді. Тағылымдаманы JETRO (Japan External Trade Organization) қаржыландырды. Бұл студенттерге университетті аяқтағаннан кейін жапон компанияларына жұмысқа тұруға мүмкіндік береді. ҚазҰУ студенттерінің жапон тілін менгеру деңгейі, мекеме тарапынан шәкіртақы иегерлеріне қойылатын басқа да талаптар жағынан болсын іріктеуде сүрінбей жылдам өтіп кететіндігі компания тарапынан атап өтілді.

Қиыр Шығыс кафедрасы

Кәсіби маман дайындаудың негізгі формасы



орнатылып, өзара келісім шарттар жасалынған. Кафедра бойынша өндірістік тәжірибені өткізілетін ауқымды кәсіпорындарға: Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры РМҚК, География институты ЖШС, «Қазгеодезия» РМҚК, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЕЖШС, «МАШХАГЗИ» РМҚ, «Геостройизыскания» ЖШС, «Leica Geosystems Razakhstan», Республикалық жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменттері мен түрлі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жатады. Осы кәсіпорындарда өз тәжірибелерін өтетін студенттер өздерінің алған теориялық білімдерін шындап, жана ГАЗ технологиялары

мен бағдарламаларын, жерді кашықтықтан зерделеу материалдарын өңдеуді жан-жақты меңгеріп, жаңа геодезиялық аспаптармен жұмыс жасап, түрлі геодезиялық өлшеу жұмыстарын жүргізіп, алған деректерін өңдей отырып ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тәжірибе жинақтайды. Өндірістік ұжыммен жұмыс істеп, өздерінің жас маман ретінде қалыптасу кезеңдерінен өтеді.

Бұл кезең студенттерді жана сапалы кәсіби деңгейге даярлап қана қоймай, оларға бірқатар міндеттер: тәжірибе өтіп жатқан кәсіпорынның қызметін, яғни оның дамуын, мақсаты мен стратегиясын, өзара ішкі қарым-қатынасын, еңбек бөлінісі жағдайын бақылауды, теориялық білімін одан ары жетілдіруді, болашақ кәсіби қызметінің маңызы мен

мәнін түсінуді, кәсіби шеберлігін шыңдауды, қажетті ақпаратты жинаудағы тәжірибесін арттыруды, құжаттармен жұмыс жасауды, еңбек ұжымымен қарым-қатынас орнатуды, таңдаған мамандығына психологиялық тұрғыдан дағдылануды, ғылыми-танымдық белсенділігінің қалыптасуын жүктейді. Осындай маңызы зор бұл кезеңде жинаған тәжірибесі арқылы студенттер ұжымның қызметі мен жүргізіп отырған зерттеу жұмыстарына да пайдалы үлес қосады. Олардың еңбектері мен жұмыстары тәжірибе жетекшілерімен бағаланып, жинаған материалдары бойынша дипломдық жұмыстарын жазып, студенттік конференцияларда баяндама жасайды. Өздерін жаксы жағынан көрсеткен студенттер сол кәсіпорындарда өздерінің еңбек жолдарын жалғастыруда.

Университеттегі оқу үрдісімен қатар жүретін өндірістік тәжірибелер қазіргі өзгермелі нарық заманында жоғары сұранысқа ие болатын, ғылыми-жұмыстарды жүргізетін және оны жүргізуде туындаған мәселелерді шешуде нақты шешім қабылдай алатын, жоғары білікті мамандарды дайындауда зор рөл атқарады. Өйткені түлектерді сапалы даярлау—ол жұмыс берушінің ойындағы мамандарды шығару болып табылады.

У. КОЖАХМЕТОВА,
Р. ТУРАПОВА,

*картография және геоинформатика
кафедрасының
аға оқытушылары*

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы рухани жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жүйелі жалғасы саналатын «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы рухани жаңғырудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде тарихи сананы жаңғырту міндетін жүктеді.

Жоғарыда аталған мақалалардың мазмұны мен мақсаты әлемдік жаһандану үрдісінде техникалық прогресс (материалдық құндылық) пен рухани құндылықтармен бірге, қатар дамығанда ғана сапалы нәтиже беретінін негіздесе, екінші жағынан рухани дағдарыстарға тосқауыл қоюдың алғышарты болып табылады.

Қазіргі заманғы рухани дағдарыс ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Ғылыми тілмен айтсақ, қоғамның дегуманизациясы мәселесі бүгін бүкіл адамзат үшін өзекті болып отыр. Дегуманизация - латын тілінен аударғанда қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарының жоғалуы, қоғам адамның индивидуалды қадір-қасиеттеріне, тұлғаны сыйлау, әділдікке негізделген дүниетанымның формасынан бас тарту. Дегуманизация қоғамның мәдени қырларын жояды. Мысалы, тарихқа үнілетін болсақ, Орта ғасырдан Жаңа заманға өтпелі алғышарт болған Өркендеу дәуірі ғылым мен техниканың, мәдениеттің дамуына мүмкіндік ашқан кезең деп саналады. Бұл кезеңде ғылым гуманистік, пантеистік

Ғылымға жол – дұрыс бетбұрыс

және антропоцентристік бағытта дамыды: керемет мәдениет туындылар авторлары Леонардо да Винчи, Джотто ди Бондоне, Микеланджело, натурфилософтар Николай Коперник, Галилео Галилей, Джордано Бруно, гуманист философтар Данте Альегери, Франческо Петрарка, Лоренцо Валла, Эразм Роттердамский және тағы басқалары. Ал Орта ғасырда ғылыммен айналысуға мүмкіндік берілмей, философия діннің шырмауында болып, оның күні қызметін атқарғаны барлығымызға белгілі.

Адам мәселесі — философияның Сократ бастаған, қазіргі кезеңге дейін маңыздылығын жоймаған негізгі мәселелерінің бірі. Мысалы, Жапония экономикалық даму жағынан әлемде үшінші орында, яғни алғашқы ондыққа кіреді. Алайда қазіргі жапондықтар виртуалды әлемде өмір сүреді, яғни нақты дүние мен жасанды өмірді шатастыруда. Ал осындай жағдайда адамға көмекке келіп, өмірлік бағыт-бағдар сілтеп отыратын, қоғамның рухани дамуына ықпал ететін гуманитарлық ғылымдар екені белгілі. Сондықтан, Елбасымыздың мақалаларында гуманитарлық ғылымдарды дамыту мәселесін көтеруі — заңды құбылыс.

Дегуманизация процесінің пайда болу себептерін қарастырсақ, бірінші, ғаламдық жаһандану. Оның нәтижесінде мәдениеттердің, ұлттар мен тілдердің жойылуы жүріп жатыр. Алайда жаһанданудың осындай теріс жақтарымен бірге, оң жақтары да бар екенін жасыруға болмайды. Жаһандану — XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басындағы жер шары кеңістігінде

өріс алған әлеуметтік өзгерістер мен шынайылық мағыналардың мәні. Жаһандану терминінің мағынасы «халықаралық бірігу» немесе экономикалық, технологиялық, мәдени-әлеуметтік және саяси күштердің қиылысуы. Ол өз елінің тарихы мен мәдениетін білмеген мәнгүрт ұрпақтың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Екіншіден, адамның техникаға тәуелді болуы. Зерттеуші Мэмфордтың «үлкен машина» концепциясы бойынша, адам үлкен машинаның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Адамдар арасындағы гуманистік, адамгершілік қатынастар жоғала бастайды. Бұл адам ойлау процесінің аясын шектейді. «Бірөлшемді қоғам», «Бірөлшемді адам» ұғымдарын енгізген Маркузенің концепциясы тұрғысынан алғанда, бірөлшемді қоғам дегеніміз — бұрынғы адамгершілік құндылықтардың бәрінен айырылған, басты құндылығы индустриалды даму болып саналатын тоталдық жүйе. Бірөлшемді қоғамның қауіптілігі — ол ерекше «адам типін», яғни ештеңе айтпайтын және айтқысы келмейтін, мемлекеттік құрылымдарға толық тәуелді адамды тудырады. Адамдар жеке басының мәселесін өз бетінше шеше алмайды, мемлекеттен жәрдем күтеді.

Үшіншіден, адамдар өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбайды, әрбір нәрсені орынды пайдаланбау — қателікке әкеледі. Мысалы, дұрыс мамандық таңдамау. Ғылым саласындағы қызмет атқаратын адам ғылымға материалдық құндылықтар үшін емес, ғылымның өзі үшін келуі тиіс. Ғылымға кездейсоқ келетін кезбелер

оның дамуына кедергі жасайды және жеке басының мүддесін ғана көздеп, ғылымның мәртебесін түсіреді. Елімізде ғылым жолына бет бұрған азаматтарға қатаң талаптардың қойылуы заңды. Қозғалып отырған мәселе, тек ғылымға емес, барлық салаға қатысты айтылған.

Төртіншіден, адамдар арасындағы мәмлениң жоғалуы — екі әлемнің бір қоғамда өмір сүруі, көштің ілгері дамығаны алдыңғы қатарда болып, көпшіліктің артта қалуы әлеуметтік талаптар мен білік арасындағы консесустың жоктығына алып келеді.

Қоғамның прогрессивті немесе регресске ұшырауы ғылымның дамуымен тығыз байланысты. Ортағасырлардағы араб-мұсылман қалаларының надандықтан білімге бет бұруы Араб халифатының көреген басшысы әл-Муминнің бүкіл әлемдегі ғалымдарды бір орталыққа жинауы, бұл саясаттың нақты жүзеге асуы біздің Отырардан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби, Қасым әл-Фараби және тағы басқа ойшылдардың Бағдат қаласына білім мен ілім іздеп жол тартуына негіз болды.

Сондықтан, елімізде ғылым саласына назар аударыла бастауы дұрыс бетбұрыс деп санауға болады. Өз тарихы мен мәдениетімізді біле отырып, ұлттық бірегейлігімізді сақтай аламыз. Яғни, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы — осы мәселелерді шешу жолы екені күмәнсіз.

Айдана ЕРЖАНОВА,
Жұмагүл БЕКЕНОВА,

философия кафедрасының оқытушылары

29 наурызда механика-математика факультетінде профессор Шалтай Смағұлұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Математика және математикалық моделдеу» ғылыми семинары өтеді

Жизнь посвященная спорту и КазНУ

У него лучистые, внимательные глаза, открытая, искренняя улыбка... С таким человеком хочется общаться, делиться радостями и настроением. Он умеет расположить к себе собеседника, всегда готов прийти на помощь и сказать добрые слова. Наверное, такими качествами и должен обладать настоящий педагог и руководитель. Не по диплому, а по призванию!



переходящим «Красным Знаменем» за победу в социалистическом соревновании по развитию высшего спортивного мастерства вузов СССР.

Аршенко А.И. входил в группу ведущих тренеров сборной команды по велоспорту КазССР и Центрального Совета ДСО «Буревестник». В 1979 г. за успешное выступление сборной команды на 7-ой Спартакиаде Народов СССР, Европейских и международных первенствах ему было присвоено звание «Заслуженного тренера КазССР».

Вершиной тренерского мастерства всегда считается подготовка Олимпийца. Такая попытка покорить «Олимп» была сделана 1984 г., к этому времени студент исторического факультета Корольков Евгений становился двукратным Чемпионом СССР (1983, 1984 г.г.). Он входил в основной состав Олимпийской сборной Союза, которая усиленно готовилась к Олимпийским Играм в г.Лос-Анджелос (США). Уровень подготовки сборной команды СССР по велоспорту был настолько высок, что Спортивный Комитет СССР планировал только завоевание золотых медалей. Но, по политическим мотивам Соцстраны и СССР отказались от участия в Олимпийских Играх 1984 г. и ожидаемая победа не состоялась.

В 1990 г. пройдя конкурс Анатолий Иванович был назначен на должность заведующего кафедрой физического воспитания и спорта. За время его руководства значительно улучшилась учебная, научно-методическая, спортивно-массовая и оздоровительная работа в университете. Стиль его работы характеризуется такими качествами, как деловитость, творческий подход к решению стоящих проблем, принципиальность и высокая ответственность. Подавая личный пример, он был требователен к себе и подчиненным, старался создать

в коллективе доброжелательную обстановку.

А.И. Аршенко успешно совмещал педагогическую работу с научно-методической деятельностью, постоянно выступал с докладами на университетских, республиканских и международных методических и научно-практических конференциях. Им опубликовано более 70 статей, методических разработок, учебных пособий и программ. Он принимал непосредственное участие в разработке республиканских учебных программ по «Физической культуре». Впервые в 1999 г. в РК кафедрой была разработана типовая учебная программа «Физическая культура» для студентов специального учебного отделения и курса по профессионально-прикладной физической подготовке. Кафедра стала методическим центром для преподавателей кафедр физического воспитания вузов страны. На ее базе организуются и проводятся межвузовские научно-методические конференции, повышение квалификации и стажировки преподавателей.

А.И. Аршенко является членом Совета Координационного научно-методического Центра кафедр физического воспитания Евразийской Ассоциации Университетов и членом научно-методического Совета Национального научно-практического центра физической культуры при МОН РК. В 1988 г. Анатолию Ивановичу было присвоено ученое звание доцента, а в 2000 г. профессора.

За время его заведования на кафедре было защищено шесть кандидатских и одна докторская (PhD) диссертации. По его инициативе были открыты программы бакалавриата, магистратуры и докторантуры по специальности «Физическая культура и спорт». Пересмотрена и кардинально изменена работа по подготовке профессионалов в

спорте высоких достижений, благодаря чему была воспитана большая плеяда известных спортсменов мирового класса. Среди них победители и призеры Олимпийских игр: Ермахан Ибраимов – бронзовый призер по боксу 1996 г. в г.Атланта (США) и обладатель золотой медали 2000 г. в г.Сидней (Австралия), Асхат Житкеев – серебряный призер по борьбе дзюдо 2008 г. в г.Пекин (КНР), Светлана Подобедова – золотая медаль по тяжелой атлетике 2012 г. в г. Лондон (Великобритания). Успешно выступили студенты-спортсмены и на Олимпийских играх 2016 г. в Рио-де-Жанейро (Бразилия): Дмитрий Баландин стал обладателем золотой медали в плавании, Елдос Сметов – серебряным призером по дзюдо, Денис Уланов – бронзовым призером по тяжелой атлетике, а Эльмира Сыздыкова завоевала бронзовую награду в борьбе среди женщин. На летних Всемирных Универсиадах и Чемпионатах мира среди студентов с 2000 года воспитанники КазНУ завоевали 10 золотых, 7 серебряных и 7 бронзовых медалей. Сборная команда университета является шестикратным победителем летних Универсиад вузов РК.

За педагогическую деятельность и подготовку высококвалифицированных спортсменов Анатолию Ивановичу присвоены звания: «Заслуженный работник народного образования КазССР», «Почетный деятель спорта РК» и «Почетный работник образования РК». Также он награжден нагрудными знаками «За отличные успехи в работе» Минвуза СССР, «Отличник образования РК» и «За заслуги в развитии физической культуры и спорта РК», грамотой Верховного Совета КазССР, медалью «Ветеран труда», почетной грамотой ЦК ВЛКСМ, Золотым орденом Национального Олимпийского Комитета РК, благодарственным письмом Президента РК и орденом «Күрмет».

С 2016 г. являясь почетным заведующим кафедрой физвоспитания и спорта, А.И. Аршенко продолжает активную трудовую деятельность директором центра «ЗОЖ» и советником ректора по спорту. Патриотизм, преданность родному университету, целеустремленность, талант педагога, тренера и организатора, трудолюбие и уважение к людям – слагаемые успеха Анатолия Ивановича в его успешной профессиональной и общественной деятельности.

От имени всего коллектива кафедры физвоспитания и спорта, центра здорового образа жизни, многочисленных воспитанников сердечно поздравляем Вас Анатолий Иванович с юбилеем и желаем неиссякаемой жизненной энергии, крепкого здоровья, благополучия и дальнейших успехов в благородном деле подготовки талантливых спортсменов!

Г.Б. МАДИЕВА,

заместитель заведующего кафедрой физвоспитания и спорта, к.п.н., доцент

Более 50 известных ученых из 20 стран мира примут участие в научных мероприятиях, проводимых в рамках VI Международных Фарабиевских чтений

Қазақстан Республикасы алғашқы болып ашылған оқу орындарының бірі ҚазҰУ -да сан мыңдаған түлектер білім алды. Олар мемлекетіміздің, тіпті әлемнің түкпір-түкпірінде өздеріне артылған сенім мен қойылған мақсаттың үдесінде еңбек етіп, тәуелсіз еліміздің ырыс-ынтымағын молайтуға үлес қосуда.

ҚазҰУ-дың аты ҚазҰУ ғой...



ҚР Тәуелсіздігінің жариялануына байланысты 1991 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілген болатын. Қазақ елінің бас білім ордасы атына заты сай болып, әсіресе, ел егемендігін алғаннан кейін үлкен биіктерді бағындырып, әлемдік деңгейде таныла бастады. Қазақстанның жетекші университеті, білім беру бағдарламалары бойынша Ұлыбритания халықаралық рейтинг агенттігі зерттеу қорытындысының нәтижелеріне орай, әлемдегі үздік 800 университет арасында 220-шы орынды иемденіп, үздік 300 университет қатарынан көрінді. Ал, QS ЖОО рейтингінде соңғы жылы мұндай орынға көтерілу - үлкен жетістік. Мұнымен қоса ҚазҰУ – Орта Азия университеттерінің ішінде үздік 250 оқу орнының қатарына кірген жалғыз білім ордасы. Сонымен қатар, ҚазҰУ Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып Еуропалық білім кеңістігіне кірді.

Қазіргі сандық технология заманында келешектің дамуы инновациялық бағытқа тәуелді екендігін айқындап берген құжат–мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы екені мәлім. Осыған орай Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуі де білім мен ғылымға, инновацияға негізделеді. Елдегі білім мен ғылымның дамуының қозғаушы күшіне айналып отырған оқу орындарының бірі ретінде Қазақ ұлттық университеті мемлекеттің экономикасын дамытатын ғылым салаларына баса көңіл бөлуді мақсат етіп отыр.

Оқу орнының алдына қойып отырған бірқатар мақсаттарының бірі де, бірегейі де – әлемнің «Топ 200» жетекші ғылыми-зерттеу университеттер құрамына ену. Яғни, классикалық ұлттық университеттен әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу. Мұндай әлемдік деңгейде танымал оқу ордасы болудың тарихы әріде жатыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Өмірбек Жолдасбековтің есімі тығыз байланысты екенін ұрпақ санасына жеткізу зиялы қауым өкілдерінің борышы екендігін баса айтқанымыз жөн. Республикадағы осы бірегей оқу орны қалашығының іргетасын қалаған Ө. Жолдасбеков.

1968 жылы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті студенті атанып, бақытқа бөленгенбіз. Уақыт дөңгелегі зырылдап екінші курсқа да келіп қалдық. Университет басшылығы ауысыпты, жас ректор келіпті дегенді естіп, журналистер емеспіз бе, құлағымызды түріп, бақылап жүретін болдық. Оқу процестеріне

өзгерістер еніп, жағымды жаңалықтар молая бастады. Соның бірі – ҚазҰУ қалашығының құрылысы жөнінде еді. «Жаңа ректор Мәскеуге кетіпті мәселені шешуге, ол жақтағы басшылық келіспепті, содан кейін Дінмұхамед Қонаевтың араласуымен құрылысты бастауға рұқсат беріліпті» деген жайлардың шет жағасын деканымыз Тауман Амандосовтан естиміз. «Шіркін, біз де оқысақ қой, сол қалашықта!» деп армандаушы едік (оқымасак та, қызмет ету бақытына ие болғанымыз ұлы мәртебе)...

Дәлізде жиі жүретін кең иықты, зор денелі, батыр тұлғалы, бұйра шашты, қара торы азаматтың ректорымыз екенін жыға таныған сәтіміз де есімізде. Орыс әдебиетінің тарихы пәнін сол тілде оқитын топтармен бірігіп оқитынбыз. Дәріскер қазақ тобына тіпті көңіл бөлмейді, бір күні әуелі «сендерге бұл жерде отырудың қажеті шамалы, бәрібір сендер ештеңе ұқпайсындар, шығып кетіндер» дегенге келтіргені бар емес пе... Курстағы үштік-староста, комсорг, профорг жиналып, «домалақ арызды» жазып алып, жетіп барсын Өмірбек Арысланұлының алдына. «Бұл қалай, біздің ұлттық намысымызға неге тиеді, неге қорлайды?» деген сөздерді айтып, ашынып отырған аптығымызды ұрыспай, зекімей басты ол кісі. «Домалақ арыз жазды деген жақсы емес, арызқойлықтың өзі жаман қасиет, әйтсе де көңілдерің толмайтын мәселелерді өзіме келіп айтуларың керек еді...» деді. Дегенмен, нәтижесінде ол оқытушы жұмыстан кетті. Қазір ойлап отырсақ, сол кездегі үстемдік етуші идеологияның қаһарынан қорықпай, осындай қадамға барғанының өзі ерлікпен пара-пар екен. Кейін аудиторияға келіп, ақыл-кеңесін айтып кеткен кездері де болды. Содан былай біздің жас көкірегімізде ол кісі ұлтымыздың қорғаушысы, панасы сияқты тұлға болып қалыптасты.

Жастық жадымызда, бала көңілімізде қаһарман болып орын тепкен кейіпкеріміз Өмірбек Жолдасбековтің тікелей басшылық етуімен университет қалашығының ғимараттары салына бастады. ҚазҰУ қалашығы жөнінде де аңызға бергісіз талай әңгімелер бар. Ол кезде ешқандай да мәселе Мәскеусіз шешілмейді. Мәскеудің Мемлекеттік университетінің жобасымен салынбақшы құрылысты шетелдерден көрген үздік архитектуралық үлгілермен толықтыра отырып, өзгерістер енгізген Өмірбек Арысланұлы текетіреспен, күні-түні өзі басы-қасында бола жүріп жүзеге асырады.

Желтоксан оқиғасы кезінде Ө.А.Жолдасбековті ұлтшыл деп ректорлықтан босатады, партия қатарынан шығарады. Сол кездері Қазақстан Орталық Партия Комитетінің арнайы бөлген комиссиясының қалай жұмыс істегені жөнінде талай-талай жайларға куә болған жайымыз бар. Он бес қабаттың шамы түнімен жанып, түні бойы әлдекімдердің мәселесі шешіліп жататын. Әр декан, әр кафедра меңгерушісі, әр оқытушы, әр лаборанттан жауап алынды. Жаппай тексеріс басталды. Принципшіл деген, ұлттық намысы бар деген талай азаматтарға кінә тағылды. «Ойпырмай, алаңтолы қалың нөпір халық. Зорға өттім... Не болғанын түсіну қиын», - деп аһылеп-уһілеп келген сол кездегі журналистика факультетінің деканы Темірбек Қожакеев ағамыздың келбеті де көз алдымызда тұр. Ол кісі «Достық» даңғылының бойында тұратын. Жастарды көтеріліске айдап салды деген кісінің сөзі ме бұл? Осындай айып арқалаған болатын талайлар.

Ал, ректорға тағылған мін– «Жолдасбеков университетте қазақтардың санын 90 пайызға жеткізді, ұлттық университет жасады, «қонаевщина» деп айыпталды. Университет құрылысына бөлінген қаржыны жеп қойды,

университеттің құрылысы біткен кезде Чехословакиядан алдырған жиһазды иемденіп кетті деген жалалар жабылды, алайда ол анықталмады. Ұлттық университетті құрып, қазақ жастарының рухани санасын өсірген адамдардан одақтағы басшылық қауіптенген екен.

Қазіргі уақытта сол тұста ұйымдастырылған ғылыми мектеп жалғасын тауып, әлемдік ғылымда лайықты орын алып отыр. Әлемдік дәрежедегі университет деңгейіне жету ендігі мақсат болып отырғаны – сол үшін тер төгіп жүрген ғалымдар мен көмекші құрам қызметкерлерінің еңбектерінен және жаңашыл, талапшыл ғалым, академик Ғалым Мұтанұлы Мұтановтай басшының ұжым алдына қойған талаптарынан да байқалады. Дүние жүзі білімгерлерін табындырып отырған білім ордаларымен иық тірестіру орасан еңбектің жемісі.

Бүгінгі уақыттың әуезі өзгеше. Ол бейқамдықтан гөрі беймазалыққа, қамсыздықтан гөрі қарекетшілдікке, арманшылдықтан гөрі жігерлілікке меңзеп тұр. Жаңалыққа, үмітке, қиялға толы музалы өмір симфониясы ешкімді бейтарап, беймаза қалдырғысы келмегендей... Осыдан біраз жыл бұрын «Қазақ университеті» газетінің редакторы болған Саягүл Әлімбекова менен сұқбат алыпты. Сонда: -Сіз үшін университеттің басқа оқу орындарынан қандай ерекшелігі бар?,—деп сұрақ қойған екен. «Мен үшін бұл теңдесі жоқ оқу орны. ҚазҰУ-дың аты ҚазҰУ ғой...», -деп жауап берген екенмін. Өйткені, мен ғана емес, нәмі қазақ үшін ҚазҰУ-дың аты ҚазҰУ!

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
филол.ғ.к., профессор м.а.

ҚазҰУ-да «Внегелі өмір: Бәтіш Қазыханова» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» пәнінің маңызы зор

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде алға қойған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызы Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасы орасан зор табыстарға жетіп отыр.

Еліміздің туын асқақтатар, білімді жан-жақты дамыған, адамгершілігі мол, тәрбиелі өнегелі ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымызда тұрған ең басты міндет. Осы мақсатта өркениетке ұмтылып отырған мемлекетіміздің даму болашағының негізі ретінде қажеттілігін айқындай түсетін, жеке тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін білім ордасының жоғарғы ізгілік мұраттардың ең құндысы, рухани-адамгершілік тәрбие берудің ошағы— «Өзін-өзі тану» пәні. Өзін-өзі тану пәнінің мақсаты- рухани адамгершілік құндылықтарды негізге алатын, ойы, сөзі мен ісі бір жерден шығатын нағыз мінезді адамды тәрбиелеу. Тіпті Абай өз заманында былай деген екен: «Білім мен ақыл-ойды сақтайтын қойма-адамның мінезі. Білімді сақтайтын берік қойма болмаса, оқудан пайда болмас». Ал тәрбиенің негізі — дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты , ар-ұжданы берік, еңбеккор, іскер, бойында баска да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Рухани-адамгершілік тәрбие баланы мейірімділікке әдептілікке, отаншылдыққа, өзінің қадірін өзі білуге үйретеді. Осы қасиеттерді үйрететін пән мұғалімі балаларға жылы жүзбен қарайтын, мейірімді адамгершілігі мол, балаларды баурап алатындай маман болуы керек. Сонда ғана бала жүрегі мейірімге толып, осы пәнді сүйіп өмірге деген қызығушылығын танытып, айналасындағылармен жан жылуын бөлісе алады. Міне, осындай үйлесімділік болған жағдайда бізден үлгі алатын жан-жағына мейіріммен қарайтын, арманшыл қиялы асқақ, рухы биік азаматты тәрбиелей аламыз. Тәрбие көзі болатын аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, накыл сөздер, ұлылардың ұлағатты сөздері, ақын-жазушылардың еңбектері, жаманнан жирену, жаксыдан үйрену «Өзін-өзі тану» пәнінің өзегі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, баланың мінез — құлқын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде терең тәрбие береді, жас ұрпаққа адами жолды үйретеді, өзіне-өзі деген сенімділігін қалыптастырады, шығармашылыққа өзіндік пікірінің, ойының болуына көмектеседі, өз ісіне баға бере алуға үйретеді, ең бастысы — адамгершілігі мол, өз шешімін қабылдауға, өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, баланың қазіргі қоғамда өмір сүруі үшін адамгершілік қасиеттерді игеруі, оның бойына осы қасиеттерді дарытуы барысында «Өзін-өзі тану» рухани — адамгершілік пәнінің алатын орны ерекше.

Гүлназ БЕРКІНБАЙ,
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының
I-курс магистранты;
Ғылыми жетекшісі: Қуаныш МОЛДАСАН

«ЖЕТІМСІЗ ҚОҒАМ» ҚҰРУ МАҚСАТЫМЫЗ

Университетімізде көптеген жобалар жүзеге асуда. «Жасыл қалашық», «Әдемі дене мәдениеті», «Салауатты өмір салты», «ҚазҰУ студенттері оқуға тиісті 100 кітап» және «Айналанды нұрландыр» сияқты жобалар студенттердің жан-жақты дамуына және тұлға ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосуда.

«Айналанды нұрландыр» әлемге ізгілік нұрын шашып, қараңғы жерден жарық тауып, жарқын өмірге жол тарту деген сөз. Әрбір адам дүниеге келген соң, адамгершілік қасиеттерді бойына жинап, өмір сүретін ортасын жақсылыққа бағыттап, айналасын нұрға бөлеп, жан дүниесін рухани тұрғыдан байыту қажет. Осы орайда «Айналанды нұрландыр» жобасының қосар үлесі өте көп.

Осы жоба аясында, «География және табиғатты пайдалану» факультетінің «Метеорология және гидрология» кафедрасының, «Гидрология» мамандығының I курс магистранттары «Психология» пәнінің ұстазымен бірге №6 балалар үйіне барып қайтты. Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі — жетім балалар жағдайы. Қазақ жетім-жесірін жылатпаған дана халық. Тұл жетім қылған тағдырға дауа бар ма, ал қазіргі заманда жетімнен тастанды бала көп. Жетімін жылатпауға Үкіметіміз барынша жағдай жасаған. Оларды жан-жақты қолдайтын заң да бар, қаржы да аямай бөлінуде.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек Қазақстан аумағында 33000 жуық бала ата-



анасыз өмір сүріп жатса, 8000 жуығы балалар үйінде тәрбиеленуде. Соңғы 15 жыл ішінде 50000 жуық бала асырап алынды. Қазақстандық отбасылар 40000 бала, шетелдік азаматтар 9000 баланы асырап алды.

Қазақта «жетім көрсен, жебей жүр» деп бекер айтпаса керек, осы орайда біздің университетімізден барған студенттер балалар үйінің айналасын қоқыстан тазартып, балалармен көңілді уақыт өткізіп қайтқан болатын. Жүрегі мейірім мен ізгілікке зәру, көңілдері алып ұшқан балалар біздің студенттерімізді жылы қарсы алып, қимай қолдасты. Студенттер балалармен қызықты ойындар ойнап, әкелген сый-сияпаттарын табыстады.

Университетіміздегі осындай ізгі істердің

бастамасы болып табылатын жобалар жастар арасында кенінен орын алып, студенттерімізді қайырымдылыққа, мейірімділікке, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосып, тәрбиелеуде.

Осы жобаның негізінде әрбір азамат ізгілікке ұмтылуды өзінен бастап, өзін- өзі жақсылыққа қарай тәрбиелей отырып, айналасын нұрландырып «жетімсіз өркениетті қоғамның» негізін салуға үлес қосады — деген сенімдеміз!

Н. ЖҮБАНАЗАРОВА,
жалпы және қолданбалы психология
кафедрасының профессор м.а. ,
«Гидрология» мамандығының
I курс магистранттары

О ПОЛЬЗЕ ПЕДПРАКТИКИ



поддержку. Мы активно приобщались к школьной жизни и погружались в увлекательный и ответственный педагогический процесс. Этот неоценимый опыт помог нам осознать, что педагогическая практика неотъемлемая и необходимая составляющая становления будущего специалиста.

Во время стажировки мы получили возможность почувствовать себя настоящими учителями, и убедились, что прохождение практики важно для понимания учебного и воспитательного процессов в школе. Мы также приобрели навыки публичного выступления и профессионального общения как с будущими коллегами, так и с учениками. Безусловно, этот уникальный опыт невозможно приобрести,

обучаясь только в студенческих аудиториях.

Прохождение практики позволяет студентам подготовить себя к будущей профессиональной педагогической деятельности. От имени всех студентов-практикантов, выражаем глубокую благодарность нашим наставникам-педагогам, преподавателям кафедры «Механика» и руководителю педпрактики Динаре Елеусизовне Туралиной за организацию содержательной и интересной практики.

Амирхан ТЕМИРХАНОВ,
студент 4 курса кафедры механики
механико-математического
факультета



НАУРЫЗ ТОЙЫ БАСТАЛДЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №515

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.